

С. Сейфуллиннің 125 жылдығына арналған "Сейфуллин оқулары – 15: Жастар, ғылым, технологиялар: жаңа идеялар мен перспективалар » атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Международной научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 15: Молодежь, наука, технологии - новые идеи и перспективы», приуроченной к 125 летию С. Сейфуллина. - 2019. - Т.І, Ч.1 - С.60-62

## **ІРІ ҚАРА МАЛДЫҢ ТҮЯҚ АУМАҒЫНЫҢ КЕЗДЕЙСОҚ ЖАРАЛАРЫН ЕМДЕУДІҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ БАҒАСЫ**

*Серикбаева А.А., Камсаев Қ.М.*

Мемлекетіміздің мал шаруашылығын дамыта отырып, елімізде қажетті азық-түлік, өндіріске керекті шикізаттар алу үшін жануарларды тиімді пайдалану бүгінгі күннің өзекті мәселесі. [1]

Сондықтан да жедел ветеринарлық жәрдемнің тез көрсетілуінің, мамандардың қажетті жабдықтармен және ауру мал мен жануардың организміне әсер ететін дәрілермен қамтамасыз етілуінің маңызы зор. Алғашқы жедел ветеринарлық көмек басқа да ветеринария жұмыстармен қоса мал дәрігерлік емдеу ісінің негізін қалайды. Алғашқы ветеринарлық жедел жәрдем мал тұрған жерде көрсетіледі; ветеринарлық мекемеге әкелінген мал мен жануарларға күрделі оперативтік ем қажет болған кезде емдеу мекемесінде стационар жағдайында жәрдем жасалады. Мал мен жануар ауырып, жалпы жағдайы төмендегенде оларға жедел де, сапалы да, әрі тиімді көмек, көбінесе үлкен қалаларда көрсетіледі.

Соңғы жылдары Республикада мал басының өсуіне көңіл бөлінбеді, олардан алынатын өнімдерінің сапасына талдау жасалмай, тіпті кейде малға және басқа да жануарларға мезгілінде жедел ветеринарлық жәрдем көрсетілмей, олардың өлім-жітімге жиі ұшырауы байқалды.

Нарықтық экономикаға еніп, өз тәуелсіздігін нығайту мақсатында Қазақстан Республикасының алдында көптеген мәселелер көзделінген. Ауыл шаруашылығын қайта көтеріп, жоғары көрсеткіштерге жеткізу үшін ветеринария саласының алатын орыны өте зор. Ол үшін басын көбейтіп, өнімділікті жоғарлату, аурулардың алдын - алып, емдеу тәрізді басты мәселелерге зор көңіл бөлінуге тиіс.

Жануарлардың хирургиялық аурулары кеңінен таралған, олар жалпы жұқпайтын ауруларға шаққанда 40%-ды құрайды. Олар мал шаруашылығында үлкен экономикалық шығын әкеледі, шығындар ауру жануарлар өнімділігінің төмендеуінен, оларды емдеуге жұмсалған материалдық шығындардан, уақытынан бұрын шығынға жіберілуден, сонымен қатар өлімге ұшырау салдарынан құралады. [1]

Жаралар. Жара (Vulnus, Vulnera) — тері мен кілегейлі қабықтардың, олардың астында орналасқан ұлпалар мен мүшелердің ашық механикалық зақымдалуы. Жара зақымдалған жердің ауырсынуы, үңіреюімен және қан ару мен функциясын жоғалтумен сипатталады. Жараға байланысты және оның

түріне байланысты осы атап еткен белгілердің біреуі күштірек немесе аздау байқалады. Жарада оның шеттерін, қабырғаларын, түбі және қуыстарын бөлінеді. Жараның шеті болып көбінесе тері саналады, ал қабырғалар болып фасциялар, дәнекер және бос клетчатка, бұлшық еттер т.б. ұлпа структуралары табылады. Жараның түбі оның орныққан жеріне және тереңдігіне байланысты жұмсақ ұлпалар немесе сүйектер болуы мүмкін.

Тұяқ терісі астының сулы немесе фибринді микробсыз қабынуы жіті өтеді. Кейде аурудың созылмалы түріде байқалады. Бұл ауру малды тасты жерге жайғанда, тұяғын тасқа соғып алуынан немесе малды тас еденді қорада ұстаған-да, тұяқ тазалағанда мүйізді аса көп кесуден, дұрыс тағаламаудан шығады. Ірі қарада ауру бұл себептерден басқа аусыл ауруымен ауырған кезінде, сондай-ақ мал жатыры қабынғанда және желінсау ауруымен ауырғанда, улану салдарынан, мал жеміне белокты (дайындықсыз) бірден көп қосқандықтан пайда болады. [2]

Көбінесе малдың тұяғы мен аяқтары жарақаттанады. Қазіргі кезеңдежара мен жара инфекциясын емдеуде түрлі әдіс-тәсілдер мен микробқа қарсы заттар қолданылады. Алайда олардың әрқайсысының белгілі кемшіліктері бар – орындалуы қиын, қымбаттылығы, микрофлораға әлсіз әсер етуі және т.б., осы кемшіліктер өндірісте микробтық факторға әсер етіп және жара жазылудың уақытын қысқартуға қабілетті қожетімді, арзан және тімді дәрілік заттар мен патогенетикалық терапия әдістерін іздеу мен енгізу беталысына себепші болды. [3]

Белгілері. Тұяққа бөгде денелер енген жағдайда (шеге, сым, соқаның тістері, шиша), көбінесе тұяқ астына қадалуы немесе кіруі мүмкін.

Жайлауда малдарды көшіргенде, тұяқтың жарақаты өсімдіктің қатты сабақтарынан, шабылған ағаштардың жантақтары зақымдауы мүмкін, олар тұяқтың жұмсақ жеріне қадалып, зақымдауы мүмкін. Сиыр байлаулы тұрған кезде өзінің шынжырына байланып терісін жарақаттауы мүмкін. Қандай болмасын жарақатта мал біріншіден ақсайды және тұяқтары зақымдалады. Малдың тұяғы 3-4 күн өткен соң ауырып ісінеді және сол аяғын мүлдем баса алмай қалады.

Көмек түрлері. Малдың аяқтарын фиксация жасап, тұяқты арнайы пышақтармен тазалайды. Жарақат алған жерді арнайы құрал-саймандармен басып, шұқып зақымдалған жерін табады. Микроб түспес үшін заласыздандырып, жарақаттанған жерін тазалап отыру қажет. Егер тұяқ немесе бұлшықеттері жарақат алса, сол жердің айналасын тазалайды, қайнаған сумен сүртіп, микробтарды залалсыздандырамыз. 5% иодпен және зеленка жағады да қорғаныш дәкемен байлайды.

Аяқ терілерінің жарасы (Некробактериоз) - үй малының арасында жиі кездесетін, негізінен малдың тұяқ үсті тері аумағын зақымдайтын індетті кесел. Оған шалдыққан малдың аяғына әрине, бауырына және өкпесіне жара түседі. Кейде еріндерін, ауыз қуысын желін терісін зақымдай отырып өкпеге, бауырға, қалың еттерге өтіп кетуі мүмкін. [4]

Қоздырғышы - некрофорум бактериясы микробының қатерлі әсерінен пайда болады. Бұл жұп-жұқа анаэробты, қимылдамайтын, бактериялық спора

тудыра алмайтын микроорганизм. Тканьдерде және бактерияның құрылысында ұзындығы 100-300 метр, және ені 0,5-ден 2,0 м жіп тәрізді болып жиі кездеседі. Ал кокк - шар тәрізді бактерия ұзындығы 3-4м қысқа-қысқа жекелеген таяқша тәрізді түрлері сирек кездеседі. Бұл бактерия 34-37 градуста жылылықта көбейіп өседі, 65 градус ыстықта - 15 минуттың ішінде, ал қайнаған суда дереу өледі. Бактерия бір проценттік формалиннің ертіндісінен немесе карбол қышқылынан тез жойылып кетеді. Қоздырғышы малдың ішегінде өмір сүріп, сыртқы ортаны негізінен ластап тұрады. Мал зәрінде 15, қида 50, сүтте 35 күнге дейін, ал ылғалды жайылым топырағында үш айға дейін күшін сақтауы мүмкін. Осы микробтармен залалданған қора жайларды құрғатып кептіргенде микробтар тәулік шамасында өледі. Тікелей түскен күн сәулес 10 сағаттан соң залалсыздандырады.

Ауру малдар құжаттамасын зерттеу кезінде «Астана-Өнім» АҚ шаруашылығындағы ірі қара малдардың тұяқ аумағының жаралары бар екені анықталды. Шаруашылықтағы жалпы ірі қара мал саны – 1153, оның ішінде 2%-да тұяқ аумағының кездейсоқ жаралары бар екені анықталды.

### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қ.М. Қамсаев, Д.И. Доманов, К.Ж. Омаров Ветеринариялық хирургия/ Астана, 2015
2. Knowledge and risk factors for foot-and-mouth disease among small-scale dairy farmers in an endemic setting  
Автор:: Nyaguthii, Dickson Machira; Armson, Bryony; Kitale, Philip Mwanzia; ссоавторами.  
VETERINARY RESEARCH Том: 50 Номер статьи: 33 Опубликовано: MAY 14 2019
3. V.I. Yeremenko Functional reserves of endocrine system in prognosis of milk productivity/ V.I. Yeremenko // Курск 2010-192 с.
4. Гимранов В.В., Тимофеев С.В. Классификация болезней пальцев у крупного рогатого скота // Ветеринария. – 2006. - №2. - С. 48.